

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

FTAMP 14.09.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_5

**А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША)**

Әбсадық А.А.^{1*}, Қабылдинов З.Е.², Арықбаева Ж.³

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

³С. Мауленов атындағы Қостанай гимназиясы, Қазақстан, Қостанай.

*Автор корреспондент

E-mail: absalmas@mail.ru (Әбсадық), kabulzia@rambler.ru (Қабылдинов), jami-67@mail.ru (Арықбаева)

Түйіндеме. Александр Васильевич Васильев (1861–1943 жж.) – Ресей империясының бөгде жұрттар арасында халық ағарту ісін ұйымдастыру саласының қайраткері, миссионер. Чуваш, татар, қазақ, араб тілдерін меңгерген түрколог. Ұлты – чуваш. Ол 1869-1876 жылдары Чебоксар діни мектебінде, 1876-1882 жылдары Қазан діни семинариясында, одан соң Қазан діни академиясында мұсылмандық діни сенімге қарсы маманданатын миссионерлік бағытта білім алады. 1886 жылы Қазан діни академиясын тамамдағаннан кейін Орынбор діни семинариясында грек тілінен, миссионерлік пәндерден, музыкадан сабақ береді. Шенеунік қызметтерін де атқарды. 1889-1894 жылдары Торғай облысының инспекторы лауазымын атқара жүріп, ол Торғай облысына орыс білімін тарату тарихымен танысады. Соның нәтижесінде оның «Исторический очерк русского образования в Тургайской области» деп аталатын тарихи очергі дүниеге келіп, 1896 жылы Орынборда басылып шығады. Кеңес дәуірінде аталмыш зерттеудегі деректер «жабық» түрде болып, ғылыми ортаға кең таныс болмады.

А. Васильевтің зерттеуі - Торғай облысына орыс білімін тарату ісінің басы-қасында болған Н. Ильминскийдің, В. Григорьевтердің еңбектеріне, Орынбор әкімшілігінің қызметтік хаттарына, үкіметтің құжаттарға, архивтік материалдарға негізделген құнды тарихи-анықтамалық тарихи еңбек. Онда Торғай облысында ашылған орыс-қазақ мектептерінің ашылуы, онда қызмет еткен ұстаздар, білім алған шәкірттер туралы толымды тарихи деректер келтіріледі. Ағартушы А. Байтұрсынұлының ұстаздық жолындағы алғашқы мәліметтер де осы кітапта сақталған.

Кілт сөздер. Васильев, Байтұрсынұлы, Торғай облысы, мектептер жүйесі, мұғалімдер, ауыл мектебі.

**Мақала «А. Байтұрсынұлының ауылдық мектептердегі ағартушылық және қоғамдық қызметі (жаңа архивтік деректер мен өлкетанушылық мағлұматтар, тұлғаның тыңнан табылған шығармалары негізінде)» атты тақырыптағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылға арналған гранттық Жобасы негізінде дайындалды.*

МРНТИ 14.09.91

**ИСТОРИЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ И ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ЗНАЧЕНИЕ КНИГИ
А. ВАСИЛЬЕВА «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» (ПО РАЗДЕЛУ I ОЧЕРКА)**

Абсадық А.А.^{1*}, Кабульдинов З.Е.², Арықбаева Ж.³

¹Региональный университет им.А. Байтұрсынова, Қазақстан, г. Костанай.

²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Қазақстан, Алматы.

³Гимназия имени С. Мауленова, Қазақстан, г. Костанай.

*Автор корреспондент

E-mail: absalmas@mail.ru (Абсадық), kabulzia@rambler.ru (Кабульдинов), jami-67@mail.ru (Арықбаева)

Аннотация. Александр Васильевич Васильев (1861–1943) был миссионером, работал в области организации инородческого образования Российской империи. Турколог, владел чувашским, татарским, казахским и арабским языками. По национальности - чуваш. А. Васильев учился в Чебоксарском духовном училище в 1869–1876 годы и в Казанской духовной семинарии в 1876–1882 годах, позже в Казанской духовной академии по специальности антимусульманское вероисповедание. После окончания Казанской духовной академии в 1886 году он преподает греческий язык, миссионерские предметы и музыку в Оренбургской духовной семинарии.

После учительской деятельности работает чиновником. Работая в качестве инспектора Тургайской области в 1889–1894 гг. он знакомится с историей распространения русского образования в Тургайской области. В результате был опубликован его труд «Исторический очерк русского образования в Тургайской области», изданный в 1896 году в Оренбурге. В советское время это исследование было малоизвестным в научном сообществе.

Данное исследование А. Васильева является ценным историческим трудом, основанным на трудах Н. Ильминского, В. Григорьева, официальных письмах администрации Оренбурга, правительственных документах, архивных материалах, которые были в авангарде привлечения российского образования в Тургайской области. Работа содержит подробные исторические данные об открытии русско-казахских школ в Тургайском районе, учителях, которые там работали, учениках, получивших образование. В книге также сохранились первые сведения о педагогической деятельности педагога А. Байтурсынова.

Ключевые слова. Васильев, Байтурсынов, Тургайская область, школьная система, учителя, аульская школа

IRSTI 03.20.00

**HISTORICAL VALUE AND COGNITIVE SIGNIFICANCE OF A. VASILIEV'S BOOK
“HISTORICAL OUTLINE OF RUSSIAN EDUCATION IN THE TURGAY REGION”
(ACCORDING TO SECTION I OF THE ESSAY)**

Absadyk A.A.^{1*}, Kabuldinov Z.E.², Arykbaeva Zh.³

¹Kostanay State University named after A. Baitursynova, Kostanay, Kazakhstan.

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan.

³Gymnasium named after S. Maulenov. Kazakhstan, Kostanay.

*Author correspondent

E-mail: absalmas@mail.ru (Absadyk), kabulzia@rambler.ru (Kabuldinov), jami-67@mail.ru (Arykbaeva)

Abstract. Alexander Vasilievich Vasiliev (1861–1943) was a missionary, worked in the field of organizing foreign education during the period of the Russian Empire. A Turkologist who speaks the Chuvash, Tatar, Kazakh and Arabic languages. By nationality - Chuvash. A. Vasiliev studied at the Cheboksary Theological School in 1869-1876, then at the Kazan Theological Seminary in 1876-1882, later at the Kazan Theological Academy with a degree in anti-Muslim religion. After graduating from the Kazan Theological Academy in 1886, he taught Greek, missionary subjects, and music at the Orenburg Theological Seminary.

After teaching, he works as an official. One of these positions was his work as an inspector of the Turgai region in 1889-1894. In this position, he deeply familiarized himself with the history of the spread of Russian education in the Turgai region. As a result, his historical work “Historical sketch of Russian education in the Turgai region” was published, published in 1896 in Orenburg. Under the influence of the class ideology that prevailed in the Soviet era, this study was “closed” and little known in the scientific community.

This research by A. Vasiliev is a valuable historical work based on the works of N. Ilminsky, V. Grigoriev, official letters from the Orenburg administration, government documents, archival materials that were at the forefront of attracting Russian education in the Turgai region. The work contains detailed historical data on the opening of Russian-Kazakh schools in the Turgai region, teachers who worked there, students who received education. The book also contains the first information about the pedagogical activity of the teacher A. Baitursynov.

Key words. Vasiliev, Baytursynov, Turgai region, school systems, teachers, aul school

Кіріспе. Торғай халық мектептерінің инспекторы (1889-1895 жж.) лауазымын атқарған Александр Васильевич Васильев қызметтен кеткеннен кейін 1896 жылы Торғай облысына орыс білімінің таралу тарихын баяндаған «Исторический очерк русского образования в Тургайской

области» деп аталатын анықтамалық-деректік мазмұндағы тарихи зерттеу еңбегін жариялайды. Бұл зерттеу - патша заманында Орынборға қараған Торғай облысында орыс тілді мектептердің тарихы мен дамуын баяндайтын еңбек. Автор өз зерттеуіне қазақ даласына орыс білімін таратудың идеологтары В. Григорьев, Н. Ильминскийдің еңбектерін, орыс әкімшілігі тарапынан шыққан құжаттарды, архивтік материалдарды пайдаланып, Торғай облысында білім жүйесінің қалыптасуы туралы статистикалық мәліметтерге сүйенген мол деректер келтірген. А. Васильевтің еңбегі Торғай облысының білім беру жүйесін зерттеген алғашқы жүйелі зерттеулердің бірі. Осы ерекшелігімен очерктің тарихи және деректік мән-мазмұны өте бағалы әрі құнды.

Мақаланың мақсаты – А. Васильевтің аталмыш тарихи еңбегін түпнұсқадан талдай отырып, оның тарихи деректік жән танымдық мән-маңызын талдау. Сонымен қатар тарихи очерктің анықтамалық сипаттағы деректері арқылы қазақ даласында орыс білімі жүйесін қалыптастыруға атқарған лауазымдық қызметтері тұрғысынан септігін тигізген шенеуніктердің, ағартушылық салада қызмет еткен мұғалімдердің, білім қуған шәкірттердің қатарын анықтау, оны өлкетанушылық мағлұматтармен толықтыру да мақаланың басты мақсаттарының бірі.

Материалдар мен қолданылған ғылыми әдіснамалар. Мақалаға А. Васильевтің 1896 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Исторический очерк русского образования в Тургайской области» деп аталатын кітабының түпнұсқасы, Қазан университеті, Орынбор облыстық архивтерінің мұрағаттары, сондай-ақ патшалық Ресей тұсында баспадан шыққан қазіргі таңда өте сирек кездесетін тарихи еңбектер мен мерзімді басылымдардағы жазбалар пайдаланылды. Зерттеу әдіснамасына гуманитарлық ғылымдар саласында қолданылатын салыстыру, аналитикалық сараптау, жинақтау әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Нәтижелер. 1889 жылы 17 шілдеде Ы. Алтынсарин науқастан қайтыс болып, оның орнына Торғай облысының білім инспекторы болып А. Васильев 10 желтоқсанынан бастап кіріседі. Шілде мен желтоқсан айы арасындағы аралықта инспекторлық лауазым қызметі уақытша Қостанай екі кластық орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі Ф.Д. Соколовқа жүктеледі (Алекторов, 1900, 100). Инспекторлық лауазымға А. Васильевті бекіту туралы шешімнің қабылдануына башқұрт, қазақ мектептерінің инспекторы В.В. Катаринскийдің (Чебоксар діни мектебінің бұрынғы ректоры) өз тарапынан да және бөгде жұрттарға білім саласы арқылы православия дінін насихаттау миссиясының жетекшісі Н. Ильминскийдің де ықпалы болған деп болжауға болады. Бұған жанама дәлеліміз - В.В. Катаринскийдің 1889 жылдың 8 тамызында Н. Ильминскийге жазған хатындағы хабарлама. Онда ол Алтынсаринның орнына кімді инспекторлыққа бекіту мәселесі талқыланғанын, үміткерлер қатарында қазақ арасынан Қазан университетінде оқыған Б. Алдияров пен дәрігер М. Қарабаев, Троицк судьясы Т. Сейдалин және Торғай уезінің көмекшісі И. Бабинның есімдері аталғанын, бірақ түптеп келгенде, орыс ұлтының өкілін бекіту туралы тоқтам болғандығын баяндай келе, оқу округінің басшысы (попечитель) А. Васильевті бекітпек болып отырғанын, одан басқа ыңғайлы орыс ұлтының өкілі жоқ екенін жазады (ТРҰА, 117:95-96).

А. Васильев облысы халық мектептерінің инспекторы қызметінде миссионер Н. Ильминскийдің бөгде жұрттар арасындағы білім саясатына қатысты ұстанымы мен ұсынған жүйесін қолданады, араб әліпбиін кирилл әліпбиімен ауыстыруды қолдап, оны жетілдіруге, мұсылмандық татар ықпалын қазақ арасында әлсірету мақсатында діни сабақты мешіт имамы немесе молда емес, зайырлы білімі бар оқытушы жүргізу саясатын қолдады. Араб әріпіне негізделген қазақ әліпбиін орыс алфавитіне ауыстыру мәселесінде олақты әрекеттер жасап, 1892-1893 жылдары Ы. Алтынсаринның орыс-қазақ мектептерінде қосымша ретінде жүргізілетін «Мұсылман заңы» пәніне арналған «Шарият-ул ислам» оқулығын кирилл әрпінде қайта бастырып шығарады (Балғымбаев, 1991: 369).

Ол Торғай облысына жер ауып келген орыс жұртының дін істерін жолға қою ісін білім саласындағы миссионерлік бағытпен ұштастыруға атсалысады. Оның бұл бағыттағы еңбегі Орынбор өлкесіндегі православия діни әкімшілігінің ресми үні «Оренбургские епархиальные ведомости» газетасының 1903 жылғы №17 санында былайша аталып өткен:

«Жеке отбасыларымен ауылдарға және даладағы шағын шаруа қожалықтарына тарап кеткен орыс халқы ұзақ уақыт бойы өздерінің дін ісіне қатысты қажеттіліктеріне, пасторлардың басшылығы мен жұбанышына мұқтаж болды. Торғай даласындағы орыстардың осындай мүшкіл жағдайы мен осы бөгде өлкенің мұқтаждықтары Орынбор өлкесіндегі халықтар мектептерінің инспекторы В.В. Катаринский және А.Васильев облыс, Орынбор архипастерлеріне аймақтың рухани қажеттіліктері туралы хабарлады. Осы кісілердің Ордадағы орыстардың мүшкіл жағдайына араласуы Торғай облысындағы миссионерлік қызметтің кішігірім ілкі бастауы болды» (Оренбургские..., 1903: 594).

Сонымен қатар А. Васильев өзі атқарған лауазымдық қызметі тұсында Торғай облысының тұңғыш инспекторы Ы. Алтынсаринның XIX ғасырдың 80-жылдары көтерген ауыл (болыс) мектептерін ашу бастамасын іс жүзінде жүзеге асыруға атсалысып, 1889-1895 жылдары 30 астам ауылдық орыс-қазақ мектептерін ашуға басшы ретінде үлес қосады. Облыс көлемінде жедел ашылып

жатқан орыс мектептері мен ауылдық жердегі орыс-қазақ мектептеріне жедел түрде мұғалімдер дайындау мақсатында Қостанай қаласынан 2 жылдық педагогикалық класс ашуға ықпал етеді. Педагогикалық класс 1897 жылы инспектор Ы. Алтынсаринның тұсында ашылған Қостанай екі кластық орыс-қазақ мектебінің жанынан ашылады. 1901-1902 жылдары аталмыш педагогикалық класта Қостанай уезінің Меңдіқара болысындағы Орынбаев мектебінде (Урунбаевская школа) ұстаздық еткен А. Байтұрсынұлы сабақ береді (Адрес-календарь, 1902: 76; 80).

А. Васильевтің тарихи танымдық және деректік маңызы ерекше анықтамалық мазмұндағы зерттеу еңбегінің құрылымы үш бөлімнен құралды. Олар: кіріспеден, қазақ даласындағы орыс білімінің таралу тарихы мен оның сол кездегі жай-күйі туралы талдаулар жазылып, диаграммалық кесте мен карталар көрсетілген басты бөлім және мектептер мен арнайы стипендиялардың ережелері мен жарғылары жинақталған қосымшадан тұрады.

Очерктің кіріспесінде А. Васильев Орынборға қараған қазақ өлкесіне (кейінгі Орал, Торғай облысы) орыс білімінің таралуын баяндау үшін қазақ даласының Ресей империясына қосылу тарихына қысқаша шолу жасайды. Шолуды ол жалпыға мәлім тарихи мәліметтерге сүйене отырып жазып, Ресей империясының далалық өлкелерде жүргізген колониалдық саясатын миссионер ағартушының көзқарасы арқауында баяндайды.

Ағартушы миссионер Ресей үкіметі XIX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Қазақ даласымен Орынбор және Сібір (қазақ ұғымында - Арқа) өлкелеріндегі үлкен өзендер бойын жағалай салынған бекіністерді басқарған Шекаралық комиссия жүйесі арқылы қарым-қатынас жасалынып келгенін және ол кезеңде қазақтардың Ресейге бағыныштылығы номинальды (қазақша ұғыммен айтқанда, ұзын арқан, кең тұсау) түрде болғанын баяндай келе, нағыз әкімшілік басқару реформалары 1822 жылдың 22 маусымында жарияланған «Сібір қазақтары туралы уставтың» қабылдануына байланысты қарқын алғанын жазады. Атылмыш Устав негізінде хандық жүйе таратылып, оның орнына округтер құрылып, оған аға сұлтандық басқару әкімшілігі орнығады. Кейін аға сұлтандарды «сұлтан-әміршілер» деп атап оларға қазынадан жалақы, азық-түлік және олардың қауіпсіздігі үшін 200 адамнан тұратын казак отрядтары бекітіледі. Дегенмен де, автордың пікірінше, бұл реформалар шекаралық линияға жақын өлкелерге өз пайдасын тигізеді, бірақ даланың алыс түпкірлеріне оның еш ықпалы болмайды. Патша үкіметінің Хива экспедициясы сәтсіздікке ұшырайды, Қазақ даласында Кенесары Қасымұлының көтерілісі орын алады. Сондықтан үкімет мұндай келеңсіздіктерді жою үшін XIX ғасырдың орта шенінде даланың алыс түпкірлеріне әскери бекіністер салуды жүзеге асырады. Қысқа уақыттың шегінде, яғни 1843-1848 жылдары қазақ даласында Орал (Ырғыз), Орынбор (Торғай), форт Қарабұтақ, Каспий теңізі жағасында Н.-Петровка, Сырдария жағалауында Райым немесе №1 форт бекіністері пайда болады. Сол бекіністердің негізінде далада орыс жұртының қоныстары пайда болып, тұрмыс-тіршіліктің отыршылдық мәдениеті көрініс алады. 1950 жылы Орынбор қаласында Шекаралық комиссия жанынан қазақ балалары үшін орыс тілінде білім беретін мектеп ашылады, ал 1861 жылдан бастап әскери шекаралық сызықтағы қалалар мен далалық өлкедегі әскери бекіністерде орыс мектептері жұмыс жасай бастайды. Қазақ билеушілерінің балалары аталмыш мектепке тартылып, оны бітірген соң патша әкімшілігінің қызметтеріне алына бастайды. Осылайша XIX ғасырдың орта шенінде қазақ даласы тыныштала бастайды.

1859 жылы Орынбор өлкесі қазақтары «Орынбор облысы» атанып, Шекаралық комиссия Орынбор облыстық басқармасы болып қайта құрылады. Оның басшылығында бұрынғы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы ғалым В.В. Григорьев қалады. А. Васильев В. Григорьевті «қазақ балаларына мектеп ашу ісіне аңсары ауған кісі еді, ғалым, гуманист басшының қазақ мектептерін ашу бастамасы даланың түпкір-түпкіріне жаңғырықтай тарайды» деп баға бере келе, оның бастамасымен 1861-1864 жылдар аралығында Троицк, Торғай, Ырғыз, Райым, Перовск бекіністерінде орыс-қазақ бастауыш мектептері ашылғанын атап өтеді (Васильев, 1896: 5).

Шығыстанушы ғалым В. Григорьев жоғары лауазымдық қызмет атқара жүріп қазақ даласына орысша білім татартуда кездескен ментальдік, әлеуметтік қиындықтар жайында «Северная пчела», «День» сынды мерзімдік басылымдарда «Троицкий житель», «Сулан Мендали Пиралиев» (Веселовский, 1887: 197-199) деген бүркеншік есімдермен мақалалар жариялайды. Оның 1861 жылдың 28 қазанында «Северная пчела» газетінде жариялаған «Открытие киргизской школы в Троицке» атты жариялымын (Троицкий житель, 1861: №241) Торғай облысында тұңғыш мектеп туралы алғаш жазылған мақала деп тануға болады.

1868 жылы Ресей үкіметі қазақ даласын билеудегі әкімшілік-басқару жүйесіне кезекті бір реформаны жүргізіп, аға сұлтандық басқаруды таратып, Орынбор және Сібір өлкелерінде генерал-губернаторларға тікелей бағынатын төрт облыс – Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын құрады. Реформаның ресми атауы – «Временное Положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской» деп аталды. Облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінеді. А. Васильевтің пікірінше, әкімшілік-басқару жүйесінің аталмыш реформасы қазақ даласын әскери басқару жүйесінен азаматтық басқару жүйесіне қарай жасалған

маңызды қадам болып саналды. Шекаралық белдеу бойына орналасқан патша әкімшілігінің шенеуніктері ендігі кезекте дала түпкірлеріндегі уездерге орныға бастайды. Қазақтарды орыс жұртымен жақындастыру, Ресей үкіметінің заңдылықтары мен тәртібін сақтау, экономикалық, қоғамдық және тұрмыстық жағдайды жақсарту мақсатында патша әкімшілігі орыс білімін кеңінен таратуға ден қояды. Уақытша Ережеде аталмыш мәселені жүзеге асыру үшін облыстық әкімшіліктерге қазынадан жыл сайын 8000 руб. қаржы бөліп отыру қарастырылады.

Инспектор А. Васильев қазақ даласындағы орыс білімін орнықтыру мақсатындағы мектептерге қазынадан қаржы бөлу бір бөлек, ал оның жұмысын бірыңғайландырып жүйелеп құруды жолға қою екінші бір мәселе екенін жазады. Бұл орайда ол Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийдің (1864 – 1881 жылдар аралығында қызмет атқарған) атқарған істерін ерекше атап өтеді. Ол Губернаторды «аса сауатты» (высокопросвещенный), мектеп ісін жүрегіне жақын қабылдаған» (Васильев, 1896: 7) басшы ретінде сипаттайды. Оның бастамасымен 1874 жылы Орынбор өлкесінде арнайы оқу округы ашылып, бөгде жұртқа білім беру ісінің жоспары мен жүйесі жасалынады. Ал 1879 жылдан бастап оны жүзеге асырудың нақты жұмыстары жолға қойылып, атап айтқанда, Торғай облысында оқу ісін қадағалайтын арнайы инспектор лауазымы, уездік орталықтарда 2 сыныптық мектеп, Ор қаласында Мұғалімдік мектеп ашылғанын атап өтеді.

Торғай облысының инспекторы қызметіне Н. Ильминскийдің Ағарту министрі граф Толстойға жасаған ұсынысымен Ы. Алтынсарин бекітіледі. Ол аталмыш лауазымды 1879-1889 жылдары атқарады. Білім саласының үлкен лауазымына қазақ арасынан шыққан кісінің бекітілуі далалық өлкедегі мектептердің дамуына игі әсерін игізеді. Ал араға көп жылдар салып барып 1883 жылы Ор қаласында ашылған Мұғалімдік мектеп Торғай облысындағы мектептер жүйесін кеңейтуге көп жәрдем етіп, қазақ даласында қыз балалар үшін бастауыштық білім беретін оқу орындарын (Ырғыз, Торғай, Қостанай уездік орталықтарында) ашу ісін де жолға қоюға да ықпал етеді. Мектеп ашу ісін қаржыландырудың негізгі көзіне ретінде қазақтардан алынатын үй салығы (кибиточный сбор) жұмсалады, дегенмен де қаржы тапшылығы болыстардан жаңа мектептер ашуға мүмкіндік бермей, 1891 жылдан бастап шығыны аз, арзан әрі көшпелі тұрмысқа ыңғайлы ауыл мектептерін ашу жұмысы басталады. Бұл бастама бір мектеп жұмысын қамтамасыз етуге жұмсалатын 1986 руб. қаржыны 324 руб. көлеміне дейін арзандатады. Алғашқы ауыл мектебі 1892 жылдың 15 маусымында ашылып, 1896 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақытта оның саны 30-ға жетеді (Васильев, 1896: 8).

«Кіріспе бөлімнің» соңында автор Торғай облысында орыс білімін таратуды жолға қою тарихының бел-белестерін үш тарихи хронологиялық кезеңге бөліп қарастыратынын, бұл бағытта ол Торғай облыстық басқармасының архивтік материалдарын пайдаланғанын жазады. Сонымен қатар ол орыс білімін таратуда қызмет бабымен ықпал еткен Орынбор және Торғай облыстарының генерал-губернаторларының, вице-губернаторлардың, оқу округтері басшыларының (попечитель) қызмет атқарған жылдары туралы хронологиялық анықтама кесте ұсынады (Васильев, 1896: 10).

А.В. Васильевтің архивтік құжаттарға сүйене отырып Торғай облысындағы орысша білім беру тарихын баяндаған басты бөлігі – үш бөлімге бөлінген. Бөлімнің атаулары автордың өзі айқындаған тарихи кезеңдердің басталу және аяқталу шегімен берілген. Ал бөлімдер іштей бірнеше көлемді тараулардан тұрады:

Бірінші кезең (1824-1868 ж.);

Екінші кезең (1869-1891 ж.);

Үшінші кезең (1892-1895 ж.).

Автордың Орынбор өлкесіне қарасты қазақ даласына орыс білімін тарату тарихының бірінші кезеңін хронологиялық тұрғыдан үш тарауға бөледі. Тараулардың атауына сол жылдары аралығында ашылған бірнеше оқу орындары алынып, онда, негізінен, оқу орнының ашылу тарихы, оқу ісінің жүргізілу барысы мен тәртібі, онда білім алған қазақ шәкірттері туралы деректер беріледі. Бұл орайда ол аталмыш кезеңге Орынбордағы Неплюев кадет корпусын, Орынбор әскери госпиталь жанындағы фельшерлік мектеп және Троицк ауруханасы жанындағы фельшерлік курсы, Орынбор қырғыз (қазақ) мектебі және әскери гимназия жанындағы аудармашылар бөлімін, Торғай, Ырғыз бекіністері мен Троицк қаласындағы орыс-қазақ бастауыш мектептерін жатқызып, олардың жұмысына, оқу ісіне сипаттама береді.

Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусы. Автор Орынбордың тұңғыш генерал-губернаторы Иван Иванович Неплюевтің құрметіне аты өзгертілген «Неплюев кадет корпусын» (алғашқыда Орынбордағы Неплюев әскери мектебі, оның алдында «Татар мектебі») – қазақ даласындағы орыс білімінің тұңғыш бесігі деп таниды. А. Васильев аталмыш оқу орнының тарихы туралы арнайы еңбек жазады. Ол «Оренбургский Неплюевский кадетский корпус как первое учебное заведение в истории русского образования киргизов» деген атаумен 1896 жылы Орынборда басылып шығады.

А. Васильев Н.Н. Неплюевке мұндай құрметті көрсетудің тарихи астары бар еді деп көрсетеді. Орынбордың тұңғыш генерал-губернаторы 1744 жылы Орынборда қызмет ететін әскери шенеуніктердің балаларына арналған «Татар мектебін» ашады. Ол мектепте жергілікті әкімшілікке

шығыстық татар тілдерін меңгерген канцелария қызметкерлері, кеден, тілмаш, аудармашылар дайындалды. Аталмыш мектеп түлектерінің ішінен Орынбор өлкесінің атақты зерттеушісі П.И. Рычковтың баласы А.П. Рычковты атап өтуге болады деп жазады А. Васильев.

Уақыт өте келе «Татар мектебі» шығыс тілдерін тереңдетіп меңгертетін орта әскери мектепке айналып, оған бөге жұрттардың - татар, башқұрт, қазақ, тептерлердің балалары қабылданатын болады. Мұның соңы Шекаралық комиссия төрағасы қоса басқаратын Неплюев атындағы әскери мектеп болып құрылуына ұласады. Неплюев әскери мектебінің мақсаты «азиялықтарды орыс жұртымен жақындастыру, орыс үкіметіне сенім мен сүйіспеншілікті орнату, өлкеге білімді кісілерді дайындау» (Васильев, 1896:13) еді.

Неплюев әскери мектебінің ашылу салтанаты 1825 жылы 2 қаңтарда өтеді. Шараға қатысқан мәртебелі қонақтар арасында «Кіші жүздің жоғары мәртебелі ханы Шерғазы Айшуақов» та болады (Матвиевская, 2016: 17).

XIX ғасырдың 30 жылдарына дейін әскери мектепке қабылданған қазақ балаларының басым бөлігі Жәңгір хан билеген Бөкей Ордасынан шығып отырды. Бұған Астрахань губернаторы Андреевтің қолдауымен орысша бастауыш білім алған Жәңгір хан ерекше ықпал етті. Әскери мектепке алғашқыда оқуға келген қазақ балалары өте аз болады. А. Васильев Неплюев әскери мектебіне алғаш қабылданған қазақ балалары қатарында 7 шәкірттің есімін атайды. Олар: 1) Мұхаммедқали Тәукин (Тяукин), 2) Құшак (Кучак) Шығаяев (Шигаев), 3) Қоб. Қарауылов (Караулов), 4) Досмұхаммед Шөкеев (Чукаев), 5) Нұржан Ғабдулғалимов, 6) Дост. Айшуақов және 7) Таубаев.

А. Васильев 1831 жылы әскери мектепті бітірмей, жоғары сыныпта тастап кеткен Мұхамбетқали Тәукинды алғашқыорысша әскери білім алған шәкірт деп таниды. М. Тәукин - Әбілқайыр ханның ұрпағы, әкімшілік кеңесшісі (надворный советник) сұлтан Тәуке Айшуақовтың баласы. Оның әскери мектепте оқығанын дәлелдейтін куәлігін Орынбор облыстық басқармасында қызмет жасаған баласы (автор оның аты-жөнін атамайды) кітап авторына көрсеткен (Васильев, 1896: 14).

1830-жылдардан кейін әскери мектепке Орынбор өлкесіне қараған басқа да қазақ Ордаларының балалары оқуға келе бастайды. Әскери мектеп 1844 жылы кадеттік корпусқа айналады. Оның құрылымы европалық және азиялық әрқайсысы 100 кадеттен тұратын екі эскадронға бөлініп, азиялық эскадроннан 30 вакансия қазақ сұлтанлары мен би-старшиналарының балаларына беріледі. Осы кезеңде қазақ арасынан оқуға түскен балалар қатары көбейеді (Васильев, 1896: 17). Дегенмен де, белгіленген 30 вакансияны толтыру әкімшілікке оңай соқпайды. Себебі қазақ жұртының төре-сұлтандалары, би-старшындары балаларын әскери оқуға беруге ықыласты болмайды. Ел арасында «орыс оқуы балаларды шоқындырып, оларды солдатқа алады» деген үрей болады. Орысша оқудың төре-сұлтандалар арасында қандай үрей тудырғанын 1862 жылдың 21 сәуірдің №28 нөмерінде сұлтан Меңдали Піралиев деген бүреншік есімді жамылған В. Григорьев «Оралдың арғы бетінен хат» деп аталатын мақалада жақсы сипаттап жазған (Султан, 1862: №28).

Кадет корпусы туралы бөлімде А. Васильев сұлтан Сейдалин Тілеумұхамбеттің (Сейдалин-2) кадет корпусы туралы жылы лебізін келтіреді. Онда Т. Сейдалин кадет корпусы туралы қазақ арасындағы үрейдің шындық өмірмен қабыспайтынын, оқу барысында көп қамқорлық көргенін жазады (Васильев, 1896: 18-19). Әйтсе де, қазақ балаларына бөлінген 30 вакансия, Бөкей Ордасының ханы Жәңгір, Шығыс Орданың сұлтан-әміршілері (султан-правитель) Ахмед Жантурин сынды қазақ даласының билеушілері қанша күш салғанымен, еш уақытта толық игерілмей қалып отырады. Айталық, 1848 жылы 21 шәкірт қабылданса, 1850 жылы – 26.

1862 жылы Неплюев кадет корпусын реформалау жұмысы жүргізіліп, қазақтарға арнайы бөлінген 30 вакансия тоқтатылады және оқу орнына қабылдауда орыс тілінен емтихан, оқу ақысына жылына 10 руб. белгіленеді. 1868 жылы кадет корпусы әскери гимназияға айналады. Оқу басшылығы қазақ балаларын әскери оқу алуды тоқтатып, білім алып жатқан шәкірттерді азаматтық білім беретін мектептерге ауыстырады (Васильев, 1896: 21-24).

Тарихи анықтамалық еңбекте А. Васильев Неплюев кадет корпусын бітірген қазақ шәкірттінің тізімін арнайы кестемен ұсынады. Онда 28 кісінің аты-жөні, шыққан тегі, оқуға түскен және бітірген жылдары, қандай шенде және қандай қызмет атқарғаны белгіленеді. Кестедегі дерек бойынша, кадет корпусын Бөкей Ордасынан - 14, Батыс Ордадан – 3, Орта Ордадан -2, Шығыс Ордадан -7 және Оралдың (Жайықтың) арғы бетіндегі Ордадан – 2 шәкір бітіреді. (Васильев, 1896: 25-26).

Кадет корпусын бітірген қазақ балалары патша үкіметінің әскери және әкімшілік басқару жүйесінде қызмет жасайды. Олардың көпшілігі есімі тарихта қалды. Олардың қатарында Бөкей, Айшауқ, Шығай, Жантурин, Сейдалин әулеттерінің есімдерін атауға болады.

Әскери госпиталь жанындағы Орынбор фельшерлік мектебі. Қазақ жұрты үшін ашылған Орынбор фельшерлік мектебі 1847 жылдан бастап әскери госпиталь жанынан жұмыс жасай бастайды. Оның ашылуына мұрындық болған құжат – 1844 жылдың 14 маусымында қабылданған «Орынбор қазақтарын басқару Ережесі». Ереженің «Орынбор басқармасының штаты» белгіленген бөлімінде фельшерлер үшін әрбір адамға 55 руб. көлемінде кесілген 550 руб. белгіленеді

(Положение, 1844: 34). Қазақ баларынан фельшерлер дайындағанда оларды оспа (шешек) жұқпалы ауруына қарсы екпе егуді, онымен күресуге мамандандырылатын еді.

Алғашқы оқу жылында фельшерлік мектепке 3 қазақ баласы қабылданады, 1849 жылы мектепке Шекаралық комиссия жанында екі жылдық дайындықтан өткен екі шәкірт – Жәтілеуов (Джатлявов) пен Тлеуов (Тлявов) ауыстыралады. Бірақ аталмыш екі бала да оқуда жүріп қайтыс болады. Олардың қазасы қазақ даласына тез тарап, жұрттың үрейін тудырады. Мектепке түсушілер тез тыйылады. 1857 жылы фельшерлік мектепте жалғыз қазақ баласы Хамза Қаржасов (Карджасов) оқиды (Васильев, 1896: 27-28). Бұл оның Орынборға екінші рет оқуға келуі болатын. Бұған дейін ол сұлтан Ахмет Жантуриннің қолдауымен ағасы Қалжан Қаржасов екеуі 1850 жылы Орынбор қазақ мектебіне барады, бірақ оның денсаулығы жарамай, мектепке ілікпейді. Бұл оқиғаны ол «Тургайская газетаның» 1895 жылдың 9 шілдесіндегі № 28 санында «Сұлтан Ахмет Жантурин туралы естеліктер» деген өзінің мақаласында былайша еске алады:

«Шығыс Ордада Жантуриналғашқы болып орыс оқу орындарында қазақ балаларын оқытудың негізін қалады, бұл оған өзіне жақын сыйлы қазақтарды ғана емес, өз ісімен де үлгі болды. Ол алдымен ұлы Сейітханды, немере ағайын Махмұд пен Омардың балаларын, сұлтандар Айтөре мен Күнтөре Сейдалинның, Жәнібек пен қазақ Маусымбайдың балаларын 2-ші Неплюевский кадет корпусына береді, бұдан кейін ол Орынборда Шекара комиссиясы жанынан құрылған бірінші қырғыз мектебі ашылғанда сыйлы қазақ Алтынсарының ұлын, мені және ағам Қалжанды, өз үйіндегі үйіндегі молда әрі дін үйретуші ұстаздың екі ұлын, - Хисаметдин, Көшербай, Құлыбек қазақтардың және 20 жуық ұл балаларды оқуға жібереді. Бірақ мен, ол кезде жеті жасар баламын, Орынборда қатты ауырып қалып, оған осы күнге дейін өзегім өртенеді, Жайлауовтың екі баласымен бірге кейін қайттым» (Карджасов, 1895: 28).

А. Васильев сұлтан-әмірші Ахмет Жантуринды Торғай облысында орыс білімін таратуға жеке басының үлгісімен де, билеуші сұлтан ретінде де көп үлес қосқан кісі деп бағалайды. Ол оның қызметі туралы «Оренбургский Неплюевский кадетский корпус, как первое учебное заведение в истории русского образования киргизов» атты еңбегінде баяндап, сұлтанның портретін кітапқа енгізеді (Оренбургский, 1896: 3;7).

Қостанай өңірінде «әділетті төре» атанған Ахмет Жантуринның отбасынан Орынбор кадет корпусында орысша білім алып шыққан баласы Сәлімгерей Жантурин үлкен лауазымдық қызметтерде болып, 1905 жылғы I Дума депутаты болды (Әбсадық, 2019: 136-140).

Фельшерлік мектептен кейін Х. Қаржасов Шығыс Орда сұлтанының қасында қызмет атқарады, біраз жылдар Орынбордағы орыс-қазақ мектебінің дәрігері, кейін Қостанай уезі басшысының аудармашысы қызметінде болады. «Тургайская газета» басылымымен тығыз байланыста болып Қостанай уезі туралы хабарламалар, қазақ аңыздары үлгілерін жариялап тұрған (Карджасов, 1895: 3; 26).

Орынбор фельшерлік мектебі 1861 жылдан бастап Орынбор генерал-губернаторы Безактың тікелей араласуымен қайта жанданады. Қазақ балаларын фельшерлік мектепке жіберу ісіне далалық өлкенің сұлтан-әміршілері жұмылдырылады. Дегенмен де, көзделген 10 вакансияны толтыру оңай болмайды. Жыл сайынғы көрсеткіш төмендей береді. Далалық өлкедегі қазақ балаларына Орынбор қаласы алыс болғандықтан шекара бойындағы Троицк қаласының ауруханасы жанынан да шешек ауруына қарсы екпе егуді үйрететін фельшерлік курс ашылады. Ақыр соңында 1871 жылы Орынбор фельшерлік мектебі әскери мекемеден Ішкі істер министрлігіне ауысуына байланысты тоқтатылады. А. Васильев Орынбор фельшерлік мектебі жұмыс жасаған жылдары 5 қазақ баласы мектептің толық курсына аяқтап шықты деп баяндай келе, олардың аты-жөнін, қайдан келгенін, оқуға қай жылы түсіп, қашан аяқтағанын және қайда қызмет жасап жатқанын көрсететін кесте ұсынады. Фельшерлік мектепті тамадаған қазақ шәкірттері мыналар: 1) Хамза Қаржасов, 2) Тұрмұхаммед Избасқанов, 3) Қазыев, 4) Мұсабай Тутаев, 5) Исмагил Битауов (Васильев, 1896: 31-34).

Шекаралық комиссия жанындағы қазақ балаларына арналған Орынбор мектебі. Қазақ балаларына арналған Орынбор мектебін ашу, оның мақсатын айқындау, штатын белгілеу, мектепке 30 шәкіртті қабылдау мәселесі 1844 жылы қабылданған Ережеде нақты айқындалады. Онда мектептің басты мақсаты №2 параграфта былайша белгіленген: «Мектеп ашудың негізгі мақсаты - қырғыздар арасында орыс тіліндегі сауаттылықты таратумен қатар, қабілетті адамдарды шекаралық басқармаға қарайтын сұлтан-әміршілер мен алыс шалғайдағы дистанция басшыларына ісжүргізуші, сондай-ақ тек қырғыздар тағайындалған басқа лауазымдарға қызметкерлер қызметкерлер дайындау» (Положение, 1844: 27).

Қазақ балаларына орысша сауат бере отырып әкімшілік істерге шенеуніктер дайындау мақсатындағы мектепті іске асыру жұмыстары бірнеше жылдарға созылып, 1850 жылы ғана жүзеге асады. Бастаманың көпке созылып кетуінің басты себебі, А. Васильевтің көрсетуінше, Шекаралық комиссияның мектепте оқытылатын пәндерді кеңейту мәселесінің Орынбор генерал-губернаторы Обручев тарапынан келісім таппай, істің сөзбұдайға салынуына байланысты болады. Комиссия оқу үрдісіне геометрия, топография, география, қолөнер шеберлігі және әскери гимнастика сынды

пәндерді енгізуді ұсынады, ал Обручев Ережеде қабылданған пәндермен шектелу қажеттігін алға тартады. Орынбор әкімшілігі мен Шекаралық комиссия арасындағы пікір талас генерал-губернатордың пайдасына қарай шешіледі: Сыртқы істер министрлігі генерал-губернатор тарапынан ұсынылған «Нұсқаулықты» бекітеді (Васильев, 1896: 34-36).

Осылайша Ереже қабылданған 1844 жылдан 6 жыл өткенде, яғни 1850 жылдың 22-ші тамыз күні мектеп салтанаты түрде ашылады. Ашылу салтанатын бұлайша белгіленуі де кездейсоқ емес еді: 22-тамыз патша Императордың таққа отырған күні болатын. Мектеп қабырғасына алғаш қабылданған 30 баланың басым көпшілігі, яғни үштен екі бөлігі А. Жантурин басқаратын Шығыс Ордадан келсе, Батыс Ордадан-7, Орта Ордадан - 3 шәкірт келеді. Жалпы, Шығыс Ордадан 23 бала Орынборға келеді, бірақ Шекаралық комиссияның басшысы Ладыженский аталмыш Ордадан 20 баланы алуды бұйырады (Ильминский, 1891-А: 80). Сол себепті үш бала, оның ішінде жоғарыда біз атап өткен Х. Қаржасов бар, «денсаулығына байланысты» мектепке қабылданбайды.

Орынбор мектебінің алғашқы басшысы (надзиратель) болып Неплюев кадет корпусының шығыс тілдерінің оқытушысы Салихзян Кукляшев 1850 жылдың 16 тамызында Венгрхиновскийдің орнына бекітіледі. 6 жыл басшысы болған ол мектептің «татар кейіпі мен күрделі-мұсылмандық ахуалды» (Васильев, 1896: 43) орнықтырады. Мектептің алғашқы кездегі мұндай аталмыш жай-күйін Н. Ильминский өзінің Ы. Алтынсарин туралы естелігінде қатты сынады (Ильминский, 1891: 15-19).

Жалпы, А. Васильевтің еңбегінде Орынбордағы орыс-қазақ мектебінің тарихы Н. Ильминскийдің «Воспоминания об И.А. Алтынсарине» атты еңбегіндегі деректермен сәйкес және мазмұндық баяны тұрғысынан үндес келеді. Дей тұрғанмен де, автор өз тарапынан мектептің ашылу тарихы мен онда қызмет істеген мұғалімдер туралы кеңірек мәлімет береді. Ол мектептің 19 жылғы тарихында ұстаздық етіп, шәкірттерге білім мен тәрбие берген басшылар (надзиратель) мен мұғалімдердің және қатарын атап өтеді. Оның ішінде Неплюев кадет корпусында татар тілінің кіші оқытушысы болған Мирсалих Бекчурин (мектеп жабылғанға дейін қызмет етеді), төменгі сыныптарда татар тілінен сабақ берген Батыршин, 1867 жылы оны Биглов ауыстырады. Орыс тілі мен арифметиканы Костромитинов, таза жазу мен сызудан Кутергин, мектептің жабылар алдындағы соңғы жылдары Ресей тарихынан Борецкий, арифметикадан А. Васильев, іс жүргізуден Урунбаев, гимнастикадан Конохов сынды мұғалімдердің қызмет еткенін атап өтеді Дін сабағынан татар молдалары дәріс береді (Васильев, 1896: 47-48).

Орынбор орыс-қазақ мектебі Ресей империясының бөгде жұрттың әлеуметтік мәселесін шешудегі айтулы оқиға ретінде қабылданды. Мұндай көзқарасты 1853 жылы Орынбордың тумасы, суретші А. Чернышевтің «Русский художественный листок» газетінің 10 маусымындағы № 17 санында «Оренбургская киргизская школа» деген атаумен жариялаған мақаласынан байқауға болады. Автор мектептің ашылу салтанатын былайша суреттейді: «Мектеп туралы Ереже 1844 жылы 14 маусымда бекітіледі; бірақ ол 1850 жылы 22 тамызда мемлекет басшысы Императордың таққа отыру күні ашылады. Питербургтегі маған мектептің ашылуы қалай өткені туралы менің туыстарым жазды. Осы оқиғаға орай Орынборғадаланың игі жақсыларыжәне басқа азиялықтардың ең құрметті адамдары келеді. 22 тамызда оларға мектепте кешкі ас беріліп, 23-і күні қала сыртында көпшілік тамашалаған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Онда қандай шаралар болмады дейсін: күрес, жүгіру жаяу, ат жарысы және ас беру шаралары түс ауа төртен басталып, түн ортасында отшашумен аяқталды. Отшашуды далалықтар аса қатты танданыспен тамшалады» (Чернышев, 1853: 17).

Бұған қоса ол Орынбор мектебінің орналасқан мекен-жайын, оның алғашқы ашылу тарихын, күнтәртібін, оқушылардың қал-жағдайын баяндайды және мектептің ішкі көріністері мен шәкірт оқушыларды қыл қалам бояуына арқау етеді (1 сурет).



1 сурет. Орынбор орыс-қазақ мектебінің ішкі көрінісі.

Орынбор мектепте оқып жүрген оқушылардың мерекелік, жаздық, жаздық-көшпелі, қыстық, қыстық-сыныптық киімдерін көрсету мақсатында А. Чернышев бес шәкірт балалардың бейнелерін суретке салады. Автор олар туралы былай дейді: «Өздері бір ғажап балалар: ұқыпты, сүйкімді, байсалды, олар өзге азиаттықтар сияқты салмақты қозғалады, құдды бүкіл адамзатқа тән данышпандықты бойларына сіңіріп алған сияқты; кейін бұлардан қандай жеміс күтуге болады? Сіздер менің балаларға қарап отырып өз қолыммен салынған суретте бес данышпанды көріп отырсыздар» (2 сурет).



2 сурет. Орынбор казак-орыс мектебі шәкірттерінің маусымдық киім үлгілері.

А. Чернышевтің «Бес данышпан» деп отырған аталмыш оқушылар мектепке алғаш қабылданған 30 бала арасынан таңдалып алынғаны сөзсіз. Суретшінің «Бес данышпаны» қатарында, бәлкім, Орынбор мектебінің даңқты түлегі, қайраткер ағартушы, ұстаз Ы. Алтынсарин, онымен бірге оқып мектепті тамамдаған соң түрлі қызметтер атқарған Ш. Құлыбеков, Н. Мұсабаев, М. Бахтияров, Ш. Көшербаев сынды түлектердің бірі бейнеленуі әбден мүмкін (Әбсадық, 2021).

1857 жылы мектептің алғашқы 20 түлегі 7 жылдық оқуды тамамдайды. Шекаралық комиссия аталмыш оқиғаны мектептің ашылуында болғандай салтанатты түрде ұйымдастыруға ұмтылады. Осыған байланысты шәкірттердің алыстағы ата-аналары арнайы шақырылады. Шараға Орынбор губерниясына жаңа бекітілген губернатор Катенин қатысады деп жоспарланады. Бірақ жаңа губернатордың Орынборға келуі кешіккен соң, 5 күн күткен салтанатты шара 1857 жылдың 15 маусымында өтеді. Қорытынды ашық емтихандардан сүрінбей өткен жиырма түлекке аттестат, шешекке қарсы екпе егетін медициналық ланцет (скальп) пен қолданатын материя береді.

Мектепті Шығыс Ордадан – 11, Батыс Ордадан – 6, Орта Ордадан-3 кісі бітіріп шығады. Олардың басым көпшілігі туған өлкелеріне аттанып, қазақ даласының алыс түпкірлеріндегі бекіністер мен дистанцияларда тілмаштық, аудармашылық қызметтерге тартылады. Шекаралық комиссия мектептің алғашқы түлектері қатарынан әкімшілікте аудармашылық жұмысқа машықтануды игеруге және мектепке қабылданушылардың оқуына көмектесуі үшін үш шәкіртті – Ш. Құлыбеков, Ш. Көшербаев, М. Бахтияровты Орынборда қалдырады. 1858-1860 жылдары олар әкімшілік тапсырмасымен Шекаралық комиссияға аудармашы болып қызмет жасаған Н. Ильминскийге орыс тіліндегі іс қағаздарын қазақ тіліне аударуға, мектептің жұмысымен танысуға, қазақ фольклоры үлгілері мен қазақ тілінің лексикалық сөздік қорын жазып алуға көмектеседі.

Н. Ильминский әкімшілік жанында көмекшілікке қалдырылған түлектердің бірі Мерғали Бахтияров туралы былай деп жазады: «Сол жасөспірімдер арқылы мен қырғыз мектебімен таныстым. Мені мектепке Бахтияров апарды. Ол жеңіл әрі сымбатты, қара шашты, жұмсақ қырғыз өнді жас жігіт болатын: гимнастиканы да жақсы жасайтын, биді де билеп, скрипкада ойнайтын – мұның бәрін ол өздігінен үйренген еді» (Ильминский, 1891: 15).

Сонымен қатар М. Бахтияров Н. Ильминскийдің Орынбор кезеңінде дайындаған «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген оқулығын қазақ тіліне араб әрпімен аударуға жәрдемдеседі (Ильминский, 1891: 31). М. Бахтияров Орынбордағы орыс-қазақ мектебіне көмекші мұғалім ретінде тұрақтап қалады. Ал келесі бір шәкірт Ш. Құлыбеков Н. Ильминскийге Марабай ақынның жырлауындағы «Ер Тарғын» жырын хатқа түсіруге көмектеседі (Ильминский, 1891:32).

1859 жылы мектептің екінші түлектері шығарылады. Олар Есмұхаммет (Ишмұхаммед) Саматов пен Сағит Тяукин еді. Үшінші шығарылым 1864 жылы жүзеге асады. Ол жылы мектепті 14 шәкірт тамамдап шығады. 1868-1869 жылдары, яғни мектеп жабылған соңғы жылы 6 оқушы тамамдайды. Еңбекте түлектердің оқуды аяқтаудағы жетістіктері, олардың шыққан жері, қайда қызмет атқарғаны туралы кестелік деректемелер беріледі.

Орынбор орыс-қазақ мектебі жабылған соң оның ғимараты Халық ағарту министрлігінің карамағына өтіп, алғашқыда Орынбор гимназиясына оқуға түскен қазақ балалары орналасатын пансион, кейін 1876 жылы Уфадан Орынборға көшкен татар «Мұғалімдік мектебі», ал оның орнына 1889 жылы Ор қаласынан көшірілген қазақ «Мұғалімдік мектебі» орналасады. 1891-1895 жылдар аралығында Орынбор Мұғалімдік мектебінде А. Байтұрсынұлы білім алады. Ол бұған дейін Ы. Алтынсарин ашқан Торғай уездік мектебін 1891 жылы бітіреді. Олай болса, Орынбор орыс-қазақ мектебінде оқыған Ы. Алтынсарин мен Мұғалімдік мектепте білім алған А. Байтұрсынұлы бір ғимаратта әр жылдары әр түрлі деңгейде білім алған болып шығады (Әбсадық, Қабылдинов, 2020: 19) Олардың ағартушылық мұраты да заманына сай әр түрлі мазмұнда болады. Ы. Алтынсарин тұсында патша әкімшілігіне орыс тілді мектептер жүйесін қалыптастыру аса өзекті болса, сол мектептер жүйесінен шыққан А. Байтұрсынұлы қазақ тіліне негізделген ұлттық білім беру мақсатына қатысты қызмет жасады, күресті.

Екі ұлы тұлғаның ағартушылық қызметіне берілген шынайы баға Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 1925 жылы Мәскеуден А. Байтұрсынұлына жазған хатында көрініс тапты. Онда ол А. Байтұрсынұлына Ы. Алтынсарин туралы мақала жазуды өтіне келе: «Егер ол (Ыбырай- А.Ә.) қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенінде, оның ісін жасарың хақ» – деп жазады (Қамзабекұлы, 1997: 25).

Ағартушылық мұрат жолында далалық өлкелерде орыс-қазақ мектебін ашу жұмысын ұйымдастырып, мектеп бағдарламасына сәйкес оқулық жазу ісін бастаған Ыбырай Алтынсариннің және оның ісін ұлт мұратына сай арнаға бұра білген А. Байтұрсынұлының ағартушылық қайраткерлігіне берілген зерделі баға деп танымыз.

Қорытынды. Архивтік мұрағаттар мен статистикалық есептерге сүйеніп және автордың Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы қызметі кезінде өзі басы-қасында болған оқу ісіне қатысты көріністерді баяндаған тарихи очерк мынадай маңызға ие:

1 А. Васильев – қазақ даласына орыс білімін орнатудың идеологтары Н. Ильминский, В. Григорьев, В. Катаринскийлердің миссионерлік ұстанымын іс жүзінде жүзеге асыруға қатысқан лауазымдық тұлға;

2 Очеркте Торғай облысына орыс білімінің қалай тарағаны туралы құжаттарға негізделген, хронологиялық мерзім-мезгілі көрсетілген құнды мәліметтер сақталған. Ол мәліметтер тарихи және педагогика, өлектанушылық тұрғыдан үлкен маңызға ие;

3 Патшалық заманда Орынбор өлкесіне қараған қазақтардың орысша білім алған мектептері мен онда ұстаздық еткен мұғалімдер, білім алған шәкірттер туралы деректер орын алған

4 Очеркте қазақ ағартушылығында үлкен із қалдырған Ы. Алтынсарин, оның өмірдегі ұстаздары Н. Ильминский, В. Григорьев сынды тұлғалар туралы, ауыл мектептерінде ұстаздық еткен А. Байтұрсынұлы, Ғ. Балғымбаев сынды мұғалімдердің қызметтік ғұмырнамасына қатысты тарихи мәліметтер кездеседі;

5 А. Васильев – Ы. Алтынсариннен кейін Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы лауазымын атқарған тұста көшпелі ауыл мектептерін ашуға және оған мұғалімдер дайындау мақсатында Қостанайда екі кластық Педагогикалық курсты ұйымдастыру бастамасын көтерген қызметкер.

Түйіндей келгенде, кеңестік дәуірде жекелеген зерттеушілерге ғана белгілі болған А. Васильевтің тарихи еңбегінің бүгінгі таңда құндылығы терең. Оны жаңа пайым, рухани парасатпен зерделеу – аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

Адрес-календарь Тургайской области на 1902 год. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург. Тургайская областная типо-литография, 1902.

Алекторов А.Е. Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись 1744-1898 г. Выпуск II, Оренбург, Типо-литография Ф.Б. Сачкова, 1900 г.

Әбсадық А. Ахмет Жантурин: әділ төре, билеуші-сұлтан, қамқоршы қайраткер // «Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру аясында Отан тарихындағы тұлғаның рөлі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2019. 497 б.

Әбсадық А., Қабылдинов З. Ахмет Байтұрсынұлы ғұмырнамасындағы Орынбор кезеңі: кейбір беймәлім мәліметтер мен деректер (ғылыми-танымдық экспедиция материалдары бойынша) // Л.Н. Гумилев атындағы Уразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №3 (132) 2020.

Әбсадық А. Ағартушылықты Алтынсаринмен бастаған бесеу кім? 2021. <https://egemen.kz/article/268807-aghartushylyqty-altynsarinmen-birge-bastaghan-beseu-kim>

Балғымбаев Ғ.Ы. Алтынсарин туралы естелік. // Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. М. Жармұхаммедов.-Алматы: Жазушы. 1991, -384 б.

Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Типо-литография Н.Н. Жаринова, 1896.

Василий Васильевич Григорьев по его письмам и трудам (1816-1881). Составитель Н.И. Веселовский. Издание Императорского русского археологического общества. С. -Петербург, Типография и хромо-литография А. Траншеля, Стремянная, №12, 1887 г.

Ильминский Н.Н. Воспоминания об И.А. Алтынсарине. Казань, Типо-Литография В.М. Ключникова, 1891 г.

Карджасов Х. Из воспоминаний о султанине Ахмед Джантурине. «Тургайская газета», 1895 г., № 28.

Карджасов Х. Происхождение слов: «Аман-Карагай», «Наурузум», «Тырсек», «Толagai-Теппе», «Данабике» и «Сары-Моюн». «Тургайская газета», 1895 г., № 26;

Карджасов, Х. Николаевск (Кустанай). Корреспонденция. «Тургайская газета», 1895 г., № 3.

Қамзабекұлы Д. Руханият (Мақалалар мен зерттеулер). Алматы: Білім, 1997. 272 б.

Матвиевская Г.П. Оренбургский Неплюевский кадетский корпус. Очерк истории. Монография. М.: Издательской дом Академии Естествознания, 2016. 174 с.

Оренбургские епархиальные ведомости, 1903, №17.

Оренбургский А.В. Неплюевский кадетский корпус, как первое учебное заведение в истории русского образования киргизов. Оренбург, Типо-литография Н.Н. Жаринова, 1896.

Султан Мендали Пиралиев. Из Зауральской степи // «День», 1862, №28.

Татар Республикасының ұлттық архиві (ТРҰА). 968 қ., 1 т., 117 іс, 95-96 шп. Письма Н.И.Ильминскому от корреспондентов, фамилии которых начинаются на «К» 1865-1891 гг.

Троицкий житель. Открытие киргизской школы в Троицке // Газета «Северная пчела», №242.

Положение об управлении Оренбургскими киргизами. Санкт-Петербург, Типография Journal de Saint-Peterbourg, 1844 г.

Чернышев А.Ф. Школа для киргизских детей в Оренбурге // Русский художественный листок. 1853, №17.

References

Absadyk A. Ahmet Janturin: adil tore, bileushi-sūltan, kamkorshy kairatker [Akhmet Zhanturin: fair judge, ruler-sultan, activist] // «N.A. Nazarbaevtyн «Ūly Dalanyn jeti kyry» makalasyн jūzege asyru aяsynda Otan tarihyndaғы tūlǵanyn roli» atty Halykaralyk ǵylymi-teoriyalyk konferensiyanyн materialdary. Almaty: Sh.Sh. Ualihanov atyndagy Tarih zhane etnologiya instituty, 2019. 497 b. [In Kazakh]

Absadyk A., Kabyldinov Z. Orenburgskii period v biografii Ahmeta Baitursynova: nekotorye neizvestnye fakty i svedenii (po materialam nauchno-poznavatelnoi ekspeditsii) [The Orenburg period in the biography of Akhmet Baitursynov: some unknown facts and information (based on the materials of the scientific and educational expedition)] // Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta im. L.N. Gumileva. Filologicheskii sikh. №3 (132) 2020. [In Kazakh]

Absadyk A. Agartushylykty Altynsarinmen bastagan besu kim? [Who are the five who, together with Altynsarin, began educational activities?] // <https://egemen.kz/article/268807-aghartushylykty-altynsarinmen-birge-bastaghan-besu-kim>[In Kazakh] .[In Kazakh]

Adres-kalendar Turgaiskoi oblasti na 1902 god [Address-calendar of the Turgai region for 1902]. Izdanie Turgaiskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta. Orenburg. Turgaiskaya oblastnaya tipo-litografiya, 1902. [In Russian].

Alektorov A.E. Ocherk narodnogo obrazovaniya v Turgaiskoi oblasti Letopis 1744-1898 g. Vypusk II [Essay on public education in the Turgai region Chronicle 1744-1898, Issue II], Orenburg, Tipo-litografiya F.B. Sachkova, 1900 g. [In Russian]

Balgymbaev Ğ.Y. Altynsarin turaly estelik [Memories of Altynsarin] // Ybyrai Altynsarin taǵylymy: Adebisyn makalalar men zertteuler / Kūrast. M. Zharmammedov. Almaty: Zhazushy. 1991, 384 b.[In Kazakh].

Chernyshev A.F. Shkola dlya kirgizskikh detei v Orenburge [School for Kyrgyz children in Orenburg] // Russkii hudozhestvennyi listok, 1853, №17. [In Russian]

Il'minskii N.N. Vospominaniya ob I.A. Altynsarine [Memories of I.A. Altynsarin]. Kazan, Tipo-Litografiya V.M. Klchnikova, 1891 g. [In Russian]

Kamzabekuly D. Ruhaniyat (Makalalar men zertteuler) [Spirituality (articles and research)]. Almaty: Bilim, 1997. 272 b. [In Kazakh]

Kardzhasov, H. Iz vospominanii o sultane Ahmed Dzhanturine [From the memoirs of the Sultan Ahmed Dzhanturin]. «Turgaiskaya gazeta», 1895 g., № 28. [In Russian]

Kardzhasov, H. Proishozhdenie slov: «Aman-Karagai», «Nauruzum», «Tyrsek», «Tolagai-Teppa», «Danabike» i «Sary-Mon» [Origin of words: “Aman-Karagai”, “Nauruzum”, “Tyrsek”, “Tolagai-Teppa”, “Danabike” and “Sary-Moyun”]. «Turgaiskaya gazeta», 1895 g., № 26[In Russian]; Kardzhasov, H. Nikolaevsk (Kustanai) [Nikolaevsk (Kostanay)] Korrespondensiya. «Turgaiskaya gazeta», 1895 g., № 3. [In Russian]

Matvievskaya G.P. Orenburgskii Neplevskii kadetskii korpus. Ocherk istorii [Orenburg Nepleyevsky

cadet corps. History sketch]. Monografiya. M.: İzdatelskii dom Akademii Estestvoznaniya, 2016. 174 s. [In Russian]

Nasionalnyi arhiv Tatarskoi Respubliki. Pisma N.I. Ilminskomu ot korrespondetov, familii kotorykh nachinatsya na «K» 1865-1891 [National Archives of the Tatar Republic. Letters to N.I. Ilminsky from correspondents whose surnames begin with “K” 1865-1891]. F. 968, op. 1, d. 117, l. 95-96. [In Russian]

Orenburgskaya eparhialnye vedomosti [Orenburg diocesan bulletin], 1903, №17. [In Russian]

Orenburgskii A.V. Neplevskii kadetskii korpus, kak pervoe uchebnoe zavedenie v istorii russkogo obrazovaniya kirgizov [Orenburg Neplyuevsky cadet corps, as the first educational institution in the history of Russian education of the Kyrgyz]. Orenburg, Tipolitografiya N.N. Zharinova, 1896g. [In Russian].

Polozhenie ob upravlenii Orenburgskimi kirgizami [Regulations on the management of the Orenburg Kyrgyz]. Sankt-Peterburg, Tipografiya Zhurnal de Saint-Peterbourg, 1844 g. [In Russian]

Sultan Mendali Piraliev. İz Zauralskoi stepi [From the Trans-Ural Steppe] // «Den», 1862, №28. [In Russian].

Troiskii zhitel. Otkrytie kirgizskoi shkoly v Troiske [Opening of the Kyrgyz school in Troitsk] // Gazeta «Severnaya pchela», №242 [In Russian].

Vasilev A.V. İstoricheskiy ocherk russkogo obrazovaniya v Turgaiskoi oblasti i sovremennoe ego sostoyanie [Historical sketch of Russian education in the Turgai region and its current state.]. İzdanie Turgaiskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta. Orenburg, Tipolitografiya N.N. Zharinova, 1896 g. [In Russian]

Vasilii Vasilevich Grigorev po ego pismam i trudam (1816-1881) [Vasily Vasilievich Grigoriev based on his letters and works (1816-1881)]. Sostavitel N.I. Veselovskii. İzdanie İmperatorskogo russkogo arheologicheskogo obestva. S.-Peterburg, Tipografiya i hromolitografiya A. Transhelya, Stremyannaya, №12, 1887 g. [In Russian]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_16

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР) ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нартбаев Ш.Ж.¹, Қабыл А.Ә.¹, Мамраймов С.Д.^{2*ID}

¹Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан

^{2*}«Мирас» университеті, Шымкент, Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Қабыл), s_dauletuly@mail.ru (Мамраймов)

Түйіндеме. Тәуелсіздікке жетуіміз тарих беттерін жаңадан зерттеуге және біздің мемлекетіміздің өткенін жан-жақты бағалауға кең мүмкіндік берді. Қазақ мемлекеттілігінің дамуындағы тәуелсіздік, әлеуметтік-экономикалық саяси және рухани прогресс үшін болған тұтас үдеріс ретіндегі халық қозғалысының ұлт-азаттық қозғалысының үлкен тарихи маңызы көпшілікке мәлім. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының жоғарғы оқу орындарында, колледждер мен мектептерде оқыту мен оқу процесінің ерекшеліктерімен тығыз байланыста зерттелуіне үлкен көңіл бөлінуге тиіс. Сондықтан, мақалада ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбы терең зерттелуді, оның тарихнамасы мен әдіснамасы сапалы деңгейде жетілдіруді қажет екені зерделенген.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, қазақтар, оқулық, оқу үдерісі, оқыту, Ресей империясы, тәуелсіздік, ұлт-азаттық қозғалыс, халықтық көтерілістер.

MPHTI 03.20.00

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ (XVIII-XIX ВВ.)

Нартбаев Ш.Ж.¹, Қабыл А.А.¹, Мамраймов С.Д.^{2*ID}

¹Университет дружбы народов имени академика А. Қуатбекова, Шымкент, Қазақстан

^{2*} Университет «Мирас», Шымкент, Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: algabek-kabil@mail.ru (Қабыл), s_dauletuly@mail.ru (Мамраймов)

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды